

Ақтөгай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 қаңтардағы "Ақтөгай аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" № 71/13 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақтөгай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 316/65 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 тамызда № 6916 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақтөгай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөгай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 қаңтардағы "Ақтөгай аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" № 71/13 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5390 болып тіркелген, 2017 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтөгай аудандық мәслихатының аппарат басшысына жуктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөгай аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Т. Таскенов

Ақтөгай аудандық мәслихатының хатшысы

Ж. Ташенев